

*Ресей федерациясы:*



*ауыл шаруашылығы*









Ресей — Азия мен Еуропа құрлықтарында орналасқан мемлекет. Жер аумағы жағынан дүние жүзіндегі ең үлкен мемлекет. Ресеймен Қазақстан арасындағы шекара әлемдегі ең ұзын шекара болып табылады. Ресейдің экономикасы жылына орташа есеппен 7% жылдамдықпен өсуде, бұл дүние жүзіндегі ең жоғары өсу қарқындарының бірі.



## *Ресей Федерациясы құрамына тең құқықты федерациялық бірліктер:*



	21 республика
	9 өлке
	46 облыс
	2 федерациялық деңгейдегі қала (Мәскеу және Санкт-Петербург)
	1 дербес облыс
	4 дербес округ

# *Табиғат ресурстары*



Географиялық орны, жер бедері мен климаттық жағдайдың арақатынасы Ресей жерінде мынадай табиғат зоналарын қалыптастырады: тундра, орманды тундра, ормандар (тайга, аралас және жалпақ жапырақты ормандар), орманды дала, дала, шөлейт және шөл зоналары. Таулы аудандарға биіктік белдеулері тән. Осындай табиғат жағдайы ауыл шаруашылығының мамандануына, халықтың орналасуы мен тығыздығына, өнеркәсіп пен құрылыс кешендерінің қалыптасуына өзіндік ықпалын тигізеді.

Ресей жері табиғат ресурстарының барлық түріне бай, әсіресе минералдық ресурстар құрамы өте алуан түрлі. Елде 20 мыңнан астам аса маңызды кен орындары барланған, оның 40%-дан астамы өндірісте игерілуде. Ресей дүниежүзі бойынша жер қоры, ағаш сүрегі, теңіздердің толысу энергиясы, өзендердің су-энергетикалық қоры жөнінен 1-орынды, ал өңделетін жер үлесі жөнінен 3-орынды иеленеді.

# Жер ресурстары



Жер ресурстарының жалпы қоры жөнінен Ресей дүниежүзіндегі ең алдыңғы қатарлы ел. Елдің жалпы жер қоры — 1709,8 млн га. Жан басына шаққандағы жер үлесі — 11,5 га. Алайда жер қорының 1/3-і ғана пайдалануға жарамды, онда Ресей халқының 95%-ы қоныстанып, бүкіл шаруашылық салалары құрылымдарының 93%-ы шоғырланған. Ауыл шаруашылығына жарамды жерлер де осы үлеске кіреді. Ресейге дүниежүзіндегі аса құнарлы қара топырақтың 1/3 бөлігі тиесілі.

Алайда соңғы жылдары жер ресурстарының сапасы нашарлап, жер эрозиясы белең алуда. Жалпы алғанда, ауыл шаруашылығына жарамды жерлердің 80%-ы, жыртылған жерлердің 60%-дан астамы жоспарлы түрде қорғау мен қайта калпына келтіруді қажет етеді. Сонымен қатар 7%-дан астам жер әртүрлі деңгейдегі шөлейттену процесіне ұшырауда.

# *Агроклиматтық ресурстары*



Агроклиматтық ресурстар Ресей жерінде ауыл шаруашылығының барлық салаларын дерлік өркендетуге мүмкіндік береді. Көпшілік бөлігі егіншілікті дамытуға қолайлы, топырақ құнарлылығы, жоғары ылғалдылығы мен қарқынды температуралар ( $10^{\circ}\text{C}$ -тан асатын) жиынтығы жеткілікті қоңыржай белдеуде орналасқан. Ондай аудандарға Ресейдің орталық бөлігі, Батыс Сібір мен Қиыр Шығыстың оңтүстігін алып жатқан орманды дала және дала зоналары жатады.

Мұндай агроклиматтық жағдайда бидай, қарабидай, арпа, бұршақ, зығыр, қарақұмық, картоп, кейбір көкөніс түрлерін, малазықтық дақылдарды өсіруге мүмкіндік бар. Ресейдің ең жылы бөлігі Қара теңіз жағалауы мен Солтүстік Кавказ жерлерінде жылуды көбірек қажет ететін көкөністер мен жемістер, тіпті кейбір субтропиктік дақылдар да өсіріледі

# Ауыл шаруашылығы сипаттамасы



Ресейдің агроөнеркәсіптік кешендері әлі де даму, өркендеу жағдайында тұр. Әсіресе өнімді өңдеу мен қызмет көрсету салалары жетілдіруді қажет етеді. Ресейдің ауыл шаруашылығына жарамды жер қоры **222 млн га**, оның **126 млн га-сы** егістік жерлер. Бұл көрсеткіштер бойынша Ресей дүниежүзіндегі дамыған елдер арасында өте жоғары орынды иеленеді. Алайда ауыл шаруашылығының даму дәрежесі мен өндірілген өнім көрсеткіштері жөнінен әлдеқайда төмен деңгейде.

Ресейде ауыл шаруашылық өнімдерінің үлесі жөнінен өсімдік шаруашылығы жетекші орында, яғни жалпы өнімнің **55%-ы** тиесілі. Ал қалған **45%-ы** мал шаруашылығы өнімдерінің үлесінде. Ресей ауыл шаруашылығы алдында тұрған басты міндеттердің бірі — мал шаруашылығын мүмкіндігінше өркендету.

Ресейдің өсімдік шаруашылығының басты құрамдас бөліктерше дәнді дақылдар, техникалық дақылдар, көкөніс пен бақша, бақ және жүзім, малазықтық дақылдар өсіру жатады. Онша ауқымды емес жерлерде темекі мен шай өсіріледі. Жалпы жыртылатын жердің **56%-ы** дәнді дақылдар, **5%-ы** картоп пен бақша, **6%-ы** техникалық дақылдар, **33%-ы** малазықтық дақылдардың үлесіне тиесілі.

# Ауыл шаруашылығы дақылдарының кең тараған аурулары

картоп



## Вирусты аурулары:

- 1) сақиналы шірік
- 2) картоп жапырақтарының хлорозы
- 3) жолақты мозайка





# Ауыл шаруашылығы дақылдарының кең тараған аурулары

## ҚЫЗАНАҚ

### Вирусты аурулары:

- 1) төбе шірігі
- 2) қызанақ мозайкасы



# Ауыл шаруашылығы дақылдарының кең тараған аурулары

## қырық- қабат

### Вирусты аурулары:

- 1) қырыққабат түйін ауруы
- 2) нүктелі некроз
- 3) қырыққабат мозайкасы




# Аурулармен күресу шаралары



- 1) Агротехникалық шаралар
- 2) Биопрепараттарды колдану
- 3) Пестицидтерді, фунгицидтерді пайдалану





*Назарларыңызға  
рахмет!!!*